

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Айтуар Өтегенов

ТЕРГЕУ АЙДАРХАНОВ

ӨМІР БАСПАЛДАҚТАРЫ, ЗАМАН ЖӘНЕ АДАМ



Алматы 2011

УДК 553.9
ББК 33.36
Т 36

Кітапты құрастырып, баспаға дайындаған
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі
Айтуар Өтегенов

Т 36
Өтегенов Айтуар
Тергеу Айдарханов – Алматы, 2011. – 212 б.

ISBN 9965-816-38-7

Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына орай жарық көріп отырған бұл кітапта Маңғыстау мұнайының алғашқы көзін ашушылардың бірі геолог – барлаушы Тергеу Айдархановтың ерлікке тең ерен еңбегі әр қырынан көрініс тапқан. Сондай-ақ оның көп жылдар бойғы партия, кеңес органдарындағы басшылық, ұйымдастырушылық, қайраткерлік қызметтері баяндалады.

Сондай-ақ, кітапта Т. Айдархановтың әр жылдарда жазған мақалалары, сөйлеген сөздері және ол туралы баспасөзде жарияланған жылы лебіздері де әдемі айшықталған.

УДК 553.9
ББК 33.36

ISBN 9965-816-38-7

© ОФ «Мұнайшы», 2011

Парасаты мен пайымы мол азамат

(Алғы сөз)

Бүгінде аға буын өкілдері, ардақты ақсақалдарымыз туралы сөз болғанда, олардың бүкіл өмірін, болмыс-бітімін қайшылығы мол, қуанышы мен күйініші қатар жүрген өткен күндер шежіресі мен тарихынан бөле-жара қарай алмайтынымыз айдан анық. Олардың көпшілігі ел игілігі үшін, нұрлы ертең үшін жан аямай тер төгіп, адал еңбек еткендер, сол жолға бүкіл білім-қабілеттерін жұмсағандар. Сондықтан да аға буын өкілдерінің көбін асқан еңбекқорлық, адалдық, «төске салса өрге озған», шын жүйріктерге тән қайсарлық пен өмірге құштарлық сияқты асыл қасиеттер дараландырып, шоқтықтарын биіктетіп тұрады.

Осы ретте Маңғыстау топырағының кіндік қаны тамған өзінің тума түлегі Тергеу Айдарханов сонау алпысыншы жылдарда жоғары білім алып, елге оралған алғашқы геолог-барлаушылардың бірі. Қатардағы геологтан бас геологқа дейінгі жолдан өткен Тергеу жеті қат жер астының құпияларын ашуда адам төзгісіз дегендей қиындықтарды жеңе отырып, өз әріптестері-мұнайшылармен бірге жанқиярлықпен еңбек етті. Жаңа мұнай көздерін ашуда өзіндік өшпес қолтаңбасын қалдырды. Сөйтіп, ғасырларға жүк боларлық жаңалықтар мен жақсылықтарын бауырайында мәуелеткен өткен ғасырдың елу жылдық белесінде өндірістің тамаша ұйымдастырушыларының бірі, адамгершілігімен айшықталып тұрған жайсандарымыздың бірі ретінде көзге түсті. Тергеу табандатқан он жыл бойы өз мамандығы бойынша қалтқысыз қызмет атқарып, өзін таныта білген азамат.

Тергеудің де бала кезі өзгелер сияқты қиын кезеңде өтті. Ол жетімдік не басқалай кемдік көрмесе де, балалық шағы онша бола қойған жоқ.

Тергеу жасынан-ақ оқуда озат, үлгілі, зерделі болып өсті. Сол қиын кезеңдер артта қалып, ол да өзгелер сияқты арман қуып, алыстағы Алматыға тартты. Үкілі үміті алдаған жоқ.

...1973 жылы Маңғыстау облысы құрылуына байланысты Тергеу партиялық басшылық жұмыстарға жоғарлатылды. Мұнайлы, Ералиев аудандарында бірінші хатшы, облыстық партия комитетінде партиялық ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, облыстық Мәслихат хатшысы сияқты жауапты қызметтерді абыроймен атқарады. Ол қайда да маман таңдауда мұқияттылық танытып қателеспейтін, талай жас мамандарды тәрбиелеп, биіктерге қанат қақтырды. Тергеудің тумысынан қарапайым, кішіпейіл, астамшылыққа жол бермейтін, халыққа сәлемі түзу, жайсаң мінезі өз іс-қимылының берік арқауы болды. Аудан басқарған жылдары үнемі ат үстінде жүріп, елдің тыныс-тіршілігін білу үшін уақытпен есептескен емес. Тергеу облыстың қай басшысы болмасын олардың кемел ойлы кеңесшісі, рухтас жолдасы болып, азаматтығымен де, біліктілігімен де танылды.

Облыстық Мәслихат хатшысы болып жүрген кезінде жаңа реформаларды өмірге енгізуде де күш-қуат, мол жігер көрсете білді. Облыстық мәслихат хатшысы болып тұрған жылдарда ол облыс делегацияларын Ресейдің көршілес Астрахань облысына ұлы Абайдың 150, Құрманғазының 160 жылдығын мерекелеп, атап өтуге бастап барды. (Оның сол жиында да сөйлеген сөздері осы кітапта толықтай жарияланып отыр).

Тергеу – қаламгер. Оның республикалық, облыстық баспасөз беттерінде замандастары мен әріптестері, ел басқарған айтулы тұлғалар туралы ой-толғамдары мерзімдік баспасөздерде жиі жарияланды. Ол әрқилы тақырыптағы көкейкесті мәселелер жөнінде де уақытылы қалам тартып отырды. Күні бүгінге дейін де сол қалпынан айныған жоқ.

Тергеу – ақын. Әсіресе оның арнау өлеңдері бірден назар аударады.

Жақын-жуықтарына, балдай тәтті балапан немере-жиендеріне арнаған өлеңдері көркемдігімен, ойлылығымен құнды.

Осынау ғұмырнамалық кітапта Тергеу туралы жазылған жылы лебізге толы мақала, естейктер да қоса жарияланып отыр. Сонау геолог болып жүрген кезеңдерде жазылған еңбек жолын айшықтайтын журналистердің жазбалары да назар аудартады. 1981 жылы академик Сақтаған Бәйішев Маңғыстау өлкесін аралап қайтқан еді. Сол сапарынан топтама очерктер жариялап, оның біріншісі «Тұнған байлық өлкесі» деп аталады. Сол

очеркте С. Бәйішев былай деп жазған еді: «Бозашы түбегінің төңірегінде – жер астында да, су түбінде де – мұнай мен газ жатқандығын айғақтайтын сипаттар бұрыннан-ақ байқалатын. Сол себептен де мұнда соңғы жиырма-отыз жыл төңірегінде үзбестен дерлік геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген-ді. Бұл жұмыстардың жәйы мен нәтижелерін баяндау үшін мұнай ауыртпалығымен қуанышына ортақ болғандардың бірі, жалпы алғанда Бозашы төңірегін бастан-аяқ жаяу аралап шыққан геологтардың белгілі өкілі, қазір Бозашы байлықтарын игеру ісіне басшылық ететін Мұнайлы аудандық партия комитетінің бірінші секретары Тергеу Айдархановқа сөз берелікші:

Бозашы ойпатында, – деп бастады ол сөзін, – көп жылдар бойы жаратылысы айрықша ауыр жағдайда – жазы-қысы шаңы аспанға шығатын, батпағы түйе түгілі тракторды батырып кететін жерде геологтар ерлікпен еңбек етті, зерттеу жұмысын жүргізді, қандай көлемде мұнай мен газдың қоры барлығын дәлелдеді. Енді бұлар еліміздің игілігіне айналуға...»

Академик С. Бәйішевтің кейінге шежіре болып қалған бұл очеркін кітапқа толық беруді жөн көрдік. Себебі мұнда айтылатын ой-пікірлер күні бүгін де өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Сөз орайы келген соң айта кетер бір жәй, біздің елімізде ел басқарған, өмір жолы өнегелі зиялы қауым өкілдері, еңбегі елеулі қарапайым азаматтар туралы да олардың замандастарының ой-пікірлері, түйін тұжырымдары, әсерлері немесе ғұмырнамалық эссе, хикаяттарды жеке кітап етіп жариялау үлкен үрдіске айналып келеді.

Мұндай дағды мәдениетті, өркениетті елдерде бұрыннан бар дағды. Бұл белгілі тұлғалардың өнегелі өмір жолын, ерен еңбектері мен қызметін, қоғам өркендеуіндегі өзіндік орнын келешек заман ұрпақтары терең тану үшін маңызды. Соңғы он-он бес жылдарда біздің Маңғыстау өңірінің белгілі адамдары туралы деректі туындылар көптеп жариялану үстінде.

Тергеу Айдарханов туралы бұл кітапта оның өмірі мен еңбек жолының сәтті кезеңдерінен нақты деректер келтіре отырып, ақиқаттан аттамауға, барынша қанықты, дәлелді түрде қалам тербеуге тырыстық. Биыл кітап кейіпкері 70 жастың жотасына көтерілмек, ал Маңғыстау мұнайына 50 жыл толып отыр. Сондықтан бұл кітап Тергеудің өз әулеті мен замандастары, ел-жұрты үшін қос мерекенің байғазысы болсын, қадірменді оқырман қауым...

ТЕРГЕУ АЙДАРХАНОВ (Қысқаша өмірбаян дерегі)



Қазақстан Республикасының Жер қойнауының құрметті барлаушысы Тергеу Айдарханов 1941 жылы 26 қараша айында Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы Таушық кентінде туған. Қазақ тау-кен металлургия институтын (1963) бітірген. Қаражанбас, Тасболат, Шығыс Жетібай, Ақтас алаңдарында коллектор, техник-геолог, аға геолог, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің Жетібай мұнай барлау басқармасының аға геологы (1963-1969), Оңтүстік мұнай барлау экспедициясының бас геологы (1969-1971), Маңғышлақ мұнай барлау ұңғыларын сынау конторының бас геологы (1971-1973), трест партком хатшысы, Ералиев аудандық партия комитетінің хатшысы, екінші хатшысы (1973-1978), Қазақстан Компартиясы Маңғышлақ облыстық комитетінің партиялық – ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің меңгерушісі (1978-1980), Мұнайлы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы (1980-83), Мәскеу қоғамдық ғылымдар академиясының тыңдаушысы (1983-1985), Ералиев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы (1985-1989), тіс пастасы заводының кадрларды дайындау жөніндегі топ жетекшісі, Каспий аймақтық тау-кен металлургия комбинатының бас директорының орынбасары, «Каскор» акционерлік қоғамының вице-президенті, (1989-1994), 1 шақырылымдағы Маңғыстау облыстық Мәслихатының хатшысы (1994-1999), Маңғыстау облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығының директоры (1999-2001), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жүйесінің кеңесшісі, маман, кадрларды дайындау қызметінің бас маманы (2001-2005), «Тасболат ойл Корпорейшн» ЖШС геология жөніндегі кеңесшісі.

Т. Айдарханов «Ерен еңбегі үшін», «Астана», тағы басқа медальдармен, Маңғыстау облысының Құрмет грамотасымен, «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Өзен мұнайына 40 жыл», «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің 50 жылдығы» омырау белгілерімен, Қазақстан Республикасының Жер қойнауының құрметті барлаушысы дипломымен және Қазақстан Республикасы Президентінің, Маңғыстау облысы әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған.

Қарақия ауданының құрметті азаматы.

Әбіш Кекілбайұлы,
*Мемлекет және қоғам қайраткері,
Қазақстанның халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*

АДАМ ТЕК АЛҒА ҚАРАЙ ҚАРЫШТАЙДЫ

Арамызда үш жастай айырма бар. Бірақ, өзімізді бір ұрпақтың түлегіміз деп санаймыз. Өйткені, бала күнгі бал дәурендерден алған әсерлеріміз бір. Әліге дейін кездесе қалсақ, баяғыда жалаң аяқ жортқан Таушықтың тас қиыршық сүрлеулерін еске аламыз.

Өңкей ақ шындардың арасына кірген Қаратау біразға дейін жалғыз қайқандайды. Бас-аяғы жүз шақырымнан асар-аспас қоңырқай жота үш-төрт жерден үзіліп барып, ең соңында айдаладан мен мұндалап тұрған екі үлкен қара шоқы – Дәніспан мен Таушыққа тіреледі.

Жіңішке кезден асып түссен, шыр айнала қоршаған оймақтай ой жылт ете қалады. Шығыс бетте – окшау жайылған қара үлектей шырпынып Таушық тұр. Теріскейінде тірескен керуендей созылып, шөкім-шөкім қара жалдар жатыр. Батысында анадайдан доға жасап, иіліп кеп, маңдай тірескен Өңеже мен Ембінің аппақ шындары жарқырайды. Одан күнгейге таман дөңкиген құмақ жалдар бірте-бірте қырбық жоталарға ұласады.

Кейбір жотаның алты жерінен аяқ астынан сумандап темір вагонетқалар шыға келеді. Ауызы-мұрнынан асыра тиеген ауыр жүктерін бетон эстакадалардың астындағы иін тірескен ашық вагондарға салып, қайтадан жер қойнауына сүңгіп, жоқ болады. Сүйтіп, алты шахтаның алтауының да көмірін тиеп алған шағын составтар терістік батысқа қарай зулай жөнеледі. Оларды сонау ақшаңқан таулардың аржағындағы көгерендеген теңіз жағасында Сартас пристанында баржалар күтіп тұрады. Таң атқаннан күн батқанға, одан қайтадан таң атқанға дейін солай.

Тәулік бойы шағын астау ойды шақ-шұқ, тарсыл-гүрсіл дыбыстар басына көтеріп тұрады. Сондай жерге салынған тап-тұйнақтай ақ шаңқан кенттің адамдары ондай-ондайға әбден үйренісіп алған. Сағат сайын алтауы алты тұстан уілдеп қоя беретін гудок үнін айтсаңызшы. Тіпті өрісте жүрген бота – тайлаққа дейін жарыса боздайтындай. Шахта-шахталарға кезек шапқылап жүрген «Opel» машинасына

мұндағы балалардың әбден көзі қаныққан. Немістерден қолға түскен трофей машина екенін де біледі. «Әне, Сидоренко жетінші шахтадан келе жатыр», «Әне, Сидоренко екінші шахтаға бара жатыр!» – деп, шаң бұрқыратқан жеңіл машинаның соңынан шуылдасып қалады.

Сөйткен Сидоренконың аты-жөні кім? Ол есімізде жоқ. Қандай қызмет атқарғанын ғана білеміз. Маңғыстау көмір тресінің бастығы еді. Бір кезде айдауда жүрген Тарас Шевченко осы араға тоқтап, әлденеше суреттер салған-ды. Сонда онымен бірге Қаратау экспедициясында болған тау-кен инженері Александр Антипов көмір кенін тапқан. Ол 1851 жыл еді. Араға ғасырға жуық уақыт салып, отызыншы жылдардың аяғында Донбасс шахтерлері келіп, өндіріс ашқан-ды. Соғыс тұсында жан-жақтан эвакуацияға келгендер көбейді. Соғыс аяқтала келе елдеріне қайтты. Бірте-бірте Сартас пристанына тоқтайтын кемелер де сұйыла түсті. Қырық сегізінші жылдары шахталар жабылды. «Қарабұғаз сульфаттың» адамдары келіп тар табанды теміржолдың рельстерін қақыратып сөгіп алып, өздерімен бірге әкетті.

Өндіріс ашылғанда шартпен алынған қазақ жұмысшылары Сталинград майданы іргеге келіп тірелгенде, жапатармағай соғысқа алынды. Орындарына әйелдері жер астына түсті. Соғыстан соң Қарағандыға көшпей, елдерінде қалды. Біз аулымызға оралдық. Біз Қаратау беттегі Ондыдан келгенбіз. Тергеулер Бозашыдан келіпті. Қапының бойында Тергеудің жамағайыны Түмен Балтабасовпен көрші тұрыппыз. Үндемей өзімен өзі жүретін ақсақалды үштігүйлі жоғалтып алдық. Сүйтсек ол кісі ақын екен. Өкіметке жақпай, айдалып кетіпті.

Содан сегізінші сыныпты қайтадан Таушықта оқитын болдық. Біз болмаған бес-алты жылдың ішінде Таушық өзгерейін депті. Шахталар жабылған соң тарсыл-күрсіл дыбыстар, ерсілі-қарсылы жүрістер азайыпты. Олардың қасындағы азын-аулақ үйлер қаңырап бос қалыпты. Оның орнына бұрын бос жатқан теріскей шоқыларға жыпырлап үйлер толыпты. Көбінің маңы – қора-жай. Күнде ертемен үй-үйден мал өретін болыпты.

Баяғы кеншілер кенті – Соцгородок – бүгінде аудан орталығы. Инженер-техниктер тұратын пәтерлік үйлерге аудан қызметкерлері жайғасыпты. Жұмысшылар тұратын ұзын шұбақ корпустарда аудандық мекемелер орналасқан. Бала кездегі көз таныстардан арба айдайтын Шаухар мен Қали ерекше есте қалып еді. Әкелері майданға кеткен балалар үстері күйе-күйе болып, көмір тасып жүретін екі қарияны

көргенде аңырып қарастық. Үйлеріне көмір түсіріп, арбаларына жолап кетсең, «тәйт былай» деп ақыратын. Шаухар өліпті. Қали тірі. Бүгінде нан тасиды. Жолап кетсең, әлі де шаңқылдап байбаламдап қалады. Әлдеқайдан итін шұбыртып ауып келген Нюра дейтін кемпірмен ертелі-кеш кикілжіңдесіп жатқаны.

Таушықтың тағы бір өзгерісі-көшедегі қара-құраны көбейіпті. Олай болатын реттері бар еді. Баяғыда ер азаматтардың бәрі майданға алынған-ды. Қалған-құтқаны таңатпай жер астына түсіп, көмір қазатын. Көшеде жүдеубас балалардан басқа ешкім көрмейтінсің. Енді кеңсе біткеннің көлеңке бетінде айғыр топ адамдар отырады. Ауыл-ауылдан келген машиналарды аңдиды. Орын болса, іліге кеткілері келеді. Интернатта жататын біздер де елден келген ешкім жоқ па екен деп, сондай қара-құраны жағалаймыз.

Қызды-қызды әңгіме. Ду-ду күлкі. Кісі жиылған жерде нелер айтылмайды?! Ауыл-үйдің амандығы сұралып, бір-бірінен естіген жаңалықтарымен бөліседі. Біреу-міреулері көрінбей қалса, сырттарынан жағдайларын сұрайды. Соғыстан тірі қалғандары, жер ауып келгендері, кешегі қиын жылдарда жан-жаққа шашырап кеткендері енді-енді бас құрасып, ақсақалдардың да қатарлары көбейе бастапты. Насыбай атысып, қалжың айтысып, іліп-қақпа әзіл әңгімелер де жиілепті.

Сондай топтың біреуінің ортасында айналасындағыларды қарқ-қарқ қалжыңға батырып Айдархан ақсақал отыратын-ды. Жарықтық тоқпақтай-тоқпақтай екі мұртын едірейтіп, төбе шашын тікірейтіп, делдима қалпақты шікірейтіп шекелете кигізсең, аумаған мексикандық деп қалатындайсың. Сорайған бойы қандай еді! Саңқылдаған даусы қандай еді! Сымбатты қара кісінің тұлға-тұрпатына ішпей-жемей тоятынсың.

Айдекең сүйгіп отырғанда, кенттің шығыс жағына қайта-қайта қарағыштап, алаңдап отыратын. Бір құлағы ылғи мектепте болатын. Қоңырау соғылып, балалар шуылдасып шыққанда, орынынан ұшып тұратын. Арсалаңдап жетіп келген ұлының маңдайынан бір сипап; «Кеттік!» дейтін. Апама жездем сай деген ғой. Ол үйдегі шешеміз де бүкіл аймаққа аңыз болған ажарлы да ауызды адам еді. Осындай ата-анадан туған Тергеудің де бала кезіндегі еркеліктері қырық түйеге жүк болатындай еді. Әкесіне қалжың айтқан құрдастарына одырая қарап қоятын.

Сөйткен Тергеу орта мектеп бітірді. Ата-бабалары көрмек түгілі туды-бітті естімеген геолог болуға құмартты. Ол кезде Маңғыстау бала-

ларына сәнге айналған мұғалімдікке, мал дәрігерлікке, зоотехниктікке ұмтылмады. «Неге олай болады» – деп, Айдекең де сұрамады. Құдайдан тілеп алған жалғыз баласы ол кезде әлі үрдісте жоқ космонавт боламын десе де, қолынан қақпас еді.

Үстіне шым қызыл көйлек киіп, мойнына аппақ галстук тағып, күннен сақтайтын көзілдірікті омырау қалтасына іле салып, шалбарының балағы балтырымен балтыр боп, Алматы көшелерінде сәндене басып жүргенде зымырап бес жыл да өте шығыпты. Жаз болса Жамбыл облысына практикаға барады. Жәйрем маңының алғаш сызылған карталарының бірінде студент Айдархановтың қолы тұрар еді. Шрифт әріптермен қайып тұрып жазылған әдемі жазудан көз айыра алмайтын. Аман болса, талай Жәйремді ашып, талай жерге атын қалдырар-ау!

Таудан тауға, тастан-тасқа орғып-қарғып жүріп, көп іздеу бала күннен арманы еді. Бәлкім, оған мал шаруашылығымен айналысқан Маңғыстаудағы жалғыз түйір кеншінің орыны Таушықта тас көмірдің иісін алып өскендігі де әсер еткен шығар. Ол Алматыда жүргенде туған өлкенің атағы жер жара бастады. Бір кезде мал мен аң ғана кезген құла түзде енді адамдар да кезе бастады. Түйе қарап жүрген жоқ іздеушідей құр беталды айдалада құр тентіреу көрер көзге бір түрлі ерсілеу сияқтанатын. Сонда да Тергеу тау-кен институтын бітірген соң, әлденеше жыл геологиялық партияларда істеді. Иығына рюкзак асып, қолына ұзын сапты балға ұстап, біраз тау-тасты шарлады. Айдалада әр тасқа сығалап отырғаны. Тапқан олжалары кіндік кескен жерінің ертеңінің ерен екендігін сездіретіндей. Кен қараудың қызығына түсіп, қараңғы түнде талай рет айдалада қалып қойғаны да бар.

Ондайда ата-ана үйінде отыра ала ма?! Айдархан әлдеқашан дүние салған-ды. Анасы марқұм жағалай көршілерге жүгіріп түзде қалған Тергеудің соңынан адам жіберіп, бүкіл ауылды дүрліктіретін. Сонда да Тергеу сүйікті кәсібін тастамады. Тастың тамыршысы болып, Маңғыстаудың жер байлығын арттыруға үлес қосты. Көп ұзамай, жас та болса тындырымды жас маманның атағы дүркірей бастады. Өз саласы бойынша қызметтері өсіп, кәрі анасының қуанышын көбейтті. Келіншек алды. Балалы болды. Әкесінің замандастары: «Кешегі Айдарханның жалғызының адам болғанын көрдік» – деп қауқылдасты.

Сүйтіп жүргенде, Маңғыстау түбегі өз алдына облыс болып бөлінді. Оның бірінші басшылығына Тұтқабай Әшімбаев дейтін азамат келді. Ол кең қармап, кесек турайтын кісілікті адам екен. Бұрынғы желі

тартып, көген сүйреткен көнекөз өлке жасарып, жаңарып, жаңғырып сала берді. Ежелгі түбектің қай бұрышы да түгін тартсаң, майы таматын құт болып шықты.

Сырттан шақырылатын мамандар өз алдына, ұзақ жылдар тек малға қарайлап қалған жергілікті халықтың көзінде оты, көңілінде нұры мол түлектерін де түлетіп бағуға ниет қылды. Ол да ел бірлігін сақтап, халықты есейтетін қайырлы қадамдардың бірі еді. «Жылдар бойы қақ-сұқтың талайын көріп, көз алдында өзгеріп жатқан өмірдің көбінен құр қалып, жатырқап өскен жалтақтықты жоймай тұрып, байлық тұнған бай түбекті түлету еш мүмкін емес», – деп ойлады көпті көрген көреген басшы.

Бұның бәрі жаңа облыстың тез арада тік тұрып кетуіне шешуші ықпал етті. Сонда Әшімбаевтың алдымен көзі түскен адамдарының бірі тас салынған дорба арқалаудан жаңа босаған жас геолог Тергеу Айдарханов еді. Ойдан, қырдан кадрлар қарап, іздеп тауып, оларды жауапты орындарға батыл көтере білген Әшімбаевтың туды-бітті көрмеген бейтаныс қарияның жалғыз баласын қолынан жетектеп, Мәскеуге дейін өзі алып барып сөйлескенін әлге дейін есінен шығармайды. Сыртынан қарағанда, жұмыстан басқаға онша назар сала қоймайтын бір тоға жан сияқты боп көрінгенмен, ішінен екінің бірі аңғара алмайтын аса нәзік адамның тұрлаулы тұлғасын танытқандай еді.

Ол Маңғыстауда жаңадан Мұнайлы ауданын ашу керек болып жатқанда орын алған оқиға еді. Сол тұста менің де құлазып жатқан Бозашының ой-қырын түгел аралап шыққаным бар еді. Баяғы көз жұмған Абыл, Иса, Досан, Қашағандардың басында үнсіз тұрып өткен-кеткендерді еске түсіргенмін. Қашанғы қара ойдың көрмегендері бар ма?! Басынан желпілдеген жеңістерді де, жер жастанған жеңілістерді де өткізді.

Тек Ұшауыздағы ескерткіштің өзі неге тұрады?! Еңіреген ерлердің көз жасынан өнген көк жусан ойыңа қай-қайдағыны оралтады. Қазақтың қоңыр даласының қай қиянынан да таусылмас байлық табылып жатқан жоқ па?! Солай екен деп, аспанға қарап алшаң баспай, көпті көрген көне халықтың да көңілін ескеріп, жарлысын тоқ, жоғын бар, кендісін естияр етіп, ақылмен игере білсек, бәріне де жер жетер еді. Ал, қолың барда қармап қал дейтін ашкөздікке түссек, ағайынның ауызы ала, ісін шала етерін жаукездік көбейер еді.

Маңғыстаудың мұнайының табылуы мен ашылуы жайында айта берсе әңгіме көп. Оның айналасы бір ғасырға жетер-жетпес өмір

сүрген мұнайшы қауымымызды ел қылуға да, ер қылуға да қосқан үлесі шаш етектен. Сөйтіп, бөркімізді аспанға атып жүргенімізде тапқан қазынамызды көрші түрікмен еліне беріп жібере жаздадық. Өз төрінде ашылған мұнайды өз игілігінде қалдыру үшін қазақтың қанша азаматы тер төкті!

Іс басында Дінмұхамед Қонаев, Нұртас Ондасынов, Қаныш Сәтбаев, Шаһмардан Есенов, Сафи Өтебаевтар болмаса, көршіге қарап, көзімізді сатып қала берер ек. Табыла сала таласқа түскен мол олжаны қолды қылмай, жолды қылған, жаңа аймақты ойдағыдай өркендете білген Тұтқабай Әшімбаев, Саламат Мұқашев, Нұрлан Балғымбаев, Сәкен Шақабаев, Халел Өзбекқалиев, Саламат Шалабаев, Рахмет Өтесінов, Қамысбай Мырзағалиев, Нәсіпқали Марабаев, Ләззат Қиынов, Жақсылық Жанғазиев, Әділ Нұрманов, Ұзақбай Қарабалин, Сағын Қырымқұлов, Хайролла Ережепов, Есен Күмісқалиев, Мұрат Құрбанбаевтардың жандарын шүберекке түйіп жүріп жасаған еңбектерін айтпай кету ақылға симас еді. Жер байлығын ел пайдасына асыру ұлттық ғылыми-техникалық интеллигенцияға айтар алғысымыз қашан да зор. Қазақтың елдігінің атын шығаратын ендігі жерде тек сол қауым.

Олардың ортасынан ойып тұрып өз орынын алатын өрен тұлға – Тергеу Айдарханов. Бір кездегі Маңғыстау облысын аршындатып алға шығарған жылдардың дүбірлі шежіресіне білгір маман, жігерлі ұйымдастырушы ретінде Тергеудің сіңірген еңбегі орасан зор. Ол үшін талай жерде марқайды, талай жерде ортайды. Қаражамбас, Қаламқас сынды мұнай алыптарын игерген Мұнайлы ауданын аз жылдардың ішінде облыс экономикасын өрге сүйреген санаулы локомотивтер қатарына қосты.

Қарақия ауданын да дәл солай өрге бастырып келе жатқанда, Колбиннің сергелдендері басталды. Айтулы өлкенің қарыштап алға басқан абыройын көтере алмаған бұрынғы одақтың валюнтаристік солақай саясатын жүргізіп, облысты жаптырды. Халық арасында қобалжу туды. Оңай табысқа мастанған келімсектер елдеріне қайта бастады. Оларды тоқтатпай, халық жағына шыққаны үшін аудан басшысы орынынан алынды.

Ел мүддесі жолындағы еңбегі бәрібір ақталды. Қазақстан ежелден бергі аңсаған арманына жетті. Тәуелсіздік алып, шат-шадыман болды. Шын азамат өткен-кеткенді ескермей, өзгеріс үстіндегі қоғамда өз орынын таба білді. Жас ұрпақты жаңа ие болған егемендігімізге бекем

болуға үндеді. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алдында талай сөз сөйлеп, туған еліміздің көсегесі көгере беруі, өскелең өміріміздің көркейе беруі жолындағы көкейкесті ойларын ортаға салды.

Тергеу – арманшыл адам. Ойлайтыны – туған елі, жері, тілі. Бір кезде Таушықтың тастақ көшелерінде өскен қиялшыл баланың талай арманы шындыққа айналды. Туған жерін түлеткен ер азаматтың мерейін тасытар жаңалық пен жақсылық сірә сарқылған ба?!

Тіршілік бар жерде арман таусылмақ емес. Арман бар жерде адам тек алға қарай қарыштайды.

Ғани Карин,
*Партия кеңес ардагері,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

...Күн ұзаққа тамыздың аптап ыстығынан қалжыраған біз екеуміз ымырт үйіріле «Уф, Алла-ай!» деп, «Алматы» қонақ үйінің алдындағы фонтан жанындағы орындыққа жайғасып, Алатау беттен соққан бой сергітер саумал ауаны кеуде кере, құмарта жұтып бір шайішім уақыт отырып қалғанымызды өзіміз де сезбеппіз. Бәлкім, көңіл-күйіміздің шырайланғаны болар, осынау нұрлы сәт екеуміздің шаршап-шалдыққанымызды да ұмыттырып жібергендей ме, қалай... Сол кездегі қалыптасқан кадрлармен жұмыс жасау тәртібі бойынша біз Алматыға жауапты партиялық лауазымды қызметке тағайындалар алдында ҚКП Орталық Комитетінің келісімін алуға келген сапарымыз еді – себебі, екеуміз күні ертең Ералиев (қазіргі Қаракия) аудандық партия комитетінің хатшылығына сайланбақшымыз. Ұзақты күнге Орталық Комитеттің түрлі деңгейдегі жауапты қызметкерлерінің, одан соң хатшыларының алдынан өтіп, сынақ тапсырдық. Ондағы сұрақ-сауалдардың анау алып бара жатқан қиын-күрделілігі болмаса да, көңіл түпкірінде толқу-толғаныстың табы байқалғаны рас-ты.

...Менің бұл жолғы сапарласым – Тергеу Айдарханұлын бұған дейін облыс деңгейінде өтетін әртүрлі жиын-жиылыстарда ара-тұра көргенім болмаса, сәлем-сауқаттықтан өзге таныстығым жоқ еді. «Жылқы-кісінескенше, адам-сөйлескенше» демекші, міне, ол кісімен бұрынғыдан гөрі жақсырақ таныс-біліс болуымның ыңғай-реті осылайша келген болатын. Тәкеңнің менен бес жастай үлкендігі бар. Сол себепті, яғни жасы үлкеннің алдынан қия өтпейтін қазақы дағдымыз бойынша, негізінен, мен болашақ әріптесімнің әңгімесін көбірек құлақ қойып тыңдауға тырыстым. Өзі оқып-тоқыған әдеби-танымдық кітаптары төңірегінде айтыңқырады. Тәкеңнің мұнысына мен жиі бас изеп, іштей көңілім толып, риза болып отырдым. Өйткені, Тәкең секілді мамандығы «темір-терсектің айналасындағы» инженерлердің басым көпшілігі көркем әдебиетке онша құмартпайды деген пікір қалыптасқан ғой. ...Қысқасы, сол алғашқы екеуара дидактасқан Алматы кешінде-ақ мен өз басым бұл кісінің ой-өрісінің ауқымдылығын, көнеден жеткен

көрнекті әңгімелерден мол хабарлығын, құйма құлақтығын айқын аңғарғандай болғанмын.

Осы Алматы сапарынан оралған соң Тәкең екеуміз Ералиев ауданында үш жылдай қанаттас жүріп, қызметтес болдық. Сол тұстағы облыс басшысы Тұтқабай Әшімбаев аудан басшылығын дұрыс таңдап, қалыптастырып, қазіргі тілмен айтқанда, іскер команда жасақтады. Бәріміздің басқондырысымыз бір бағытта болып, қолтықтаса-қойындаса дегендей, асқан ұйымшылдықпен жұмыс жасадық. Сол жылдары, ел-жұрт куә, бірқатар жаңа кәсіпорындар мен шаруашылықтар ашылып, аудан экономикасы қарқынды дамып, өрге басты, токсандық, жылдық, бесжылдық жоспарлар қай салада да ойдағыдай орындалып жатты. Аудандық аурухана мен емхана, мәдениет және тұрмыстық қызмет көрсету үйлері, теңіз жағалауындағы демалыс кешені, көптеген мектептер мен балабақшалар, мәдениет және сауда объектілері, тұрғын үйлер салынып, халық игілігіне берілді, соның арқасында ауыл-кенттеріміздің көркі келісіп, келбеті ажарлана түсті, сол кезеңдегі жүздеріне иман үйіріліп, ылғи оң ниеттеніп, құбыла бейілге құлшынып тұратын еңбекқор адамдарымыздың да әл-ауқаты көтерілді. Соның игі нәтижесінде, ауданымыздың партия комитетінің бірінші хатшысы Юрий Георгиевич Казаченко облыс басшылығына, екінші хатшы Тергеу Айдарханов әуелі облыстық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің, кейін аудандар басшылығына, аудандық атқару комитетінің төрағасы Қалидолла Нұрғалиев облыстық басқарма бастығына дейін қызмет бабымен жоғарлатылды.

Арада біраз жыл салып, тағдыр Тәкең екеумізді бір ұжымда тағы тоғыстырды. 1993 жылы күзде халық депутаттарының жергілікті Кеңестері таратылып, 1994 жылдың көктемінде су жаңа жергілікті өкілетті ұйым – мәслихаттар сайлауы өткізілді. Сонда Тергеу Айдарханұлы облыстық мәслихаттың депутаттығына сайланды, ал мен болсам аппарат басшысы едім.

Жаңа ұйымның бірінші ұйымдастыру сессиясы қарсаңында жергілікті мамандардың жай-жағдайын жақсы білетін сол кездегі облыс әкімі Ләззат Қиынов менен ойламаған жерден сыр суыртпақтап, болашақ облыстық мәслихат хатшысы орайында пікір сұрады. Мен, әрине, тыңнан сайланған халық қалаулылары арасынан ең ыңғайлы үміткер ретінде өзіме сыралғы Тергеу ағамызды атадым.

Сонда Ләззат Кетебайұлы аз-кем ойланып тұрып: Ғанеке, – деді, – менің тіке тартатын мінезім бар. Ол кісі де одан құралақан емес. Ертең

«екі қошқардың басы бір табакқа сыймайдының» кері келіп жүрмей ме? – деп күлді де. – Тәкең қазір іргелі өндіріс орнында директордың білдей бір орынбасары, алып отырған жалақысы да мәслихат хатшысының жалақысынан недәуір жоғары... Келісер ме екен? Сен соны суыртпақ тартып, білші. Мен сөйлессем, тура шақырғандай болармын, ол келгісі келмесе қиналып қалар», – деген пікір білдірді.

Мен сол күні-ақ ізін суытпай кездесіп, Тәкеңмен пікірлескенімде, ол өзінің бұл ұсынысқа қарсылығының жоқ екенін бірден айтты. Шамасы, едәуір жыл мемлекеттік қызметте болып, өмірдің ыстық-суығын ел-халқымен бірге көрген, әрдайым зиялы қауымның қак ортасында жүрген ағамыз сол кездерін аңсап, соған қайта оралуды бес күн тірліктегі бес-он тиын жалақыдан гөрі жоғары қойған болуы керек.

Сөйтіп, Тәкең облыстық мәслихатты табан аудармастан бес жарым жылдай басқарды. Жаңадан өмірге келген өкілетті ұйымның қабырға тіктеп, қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Жергілікті атқарушы билікпен тығыз бірлестікте, тізе қоса қимылдап, түбектегі түйінді мәселелердің түйіншекгі тұстарын тарқатысуда оңтайлы шешімдер қабылдасты. Осы жолда өзі бар ықыласымен білек сыбана кіріскен талай шаруаларын тиянақты атқара білгеніне біз куәміз.

Біз Тәкеңмен тек қызметтес, үзеңгілес қана емес, сонымен бірге осы отыз жылдан астам уақыт бойы оның отбасымен аралас-құралас жүрген адамдармыз. Өз басым ағамыздың ел көзіне түсіп, еңбегі ескеріліп, елеулі баға алуында сол үйдегі Халимат жеңгеміздің де елеулі үлесі бар есептеймін. Жеңгеміздің «қабақ шытпай берген қара суы да қарын тойғызады» деген қазақи-дархандық ұғымға сай айрықша қонақжайлығына, кімді болса да, қай уақытта болса да жаркын жүзбен, жадыраңқы қалыпта, жомарттық пейілмен қарсы алатын Айдархан әулетінің барша ағайын-тума, дос-жаран, таныс-тамырларының бәрі куә десем артық айтқандық емес. Сондықтан да бұл жеңгеміздің өз ортасында сыйы артықша, беделі басымырақ.

Осы орайда мына бір мысалды келтіре кеткім кеп отырғаны: Әлгі Ералыда қызметтес боп жүрген кезімізде ауданға Алматыдан құрамында Ескендір Хасанғалиев, Лаки Кесоглу, Зейнеп Қойшыбаева, Венера Қармысова сияқты белгілі-белгілі өнер қайраткерлері бар бір топ құрметті қонақтар гастрольдік сапармен келе қалды. Кешкі концерттен соң, асханадағы қонақасы үстінде Ескендір ералылықтардың қабылдауына өздерінің ризашылықтарын білдіре келіп: «Әй, бірақ та,

енді бір қазақтың қоңыр шәйі кемдік етіп тұрғаны...» – деп әзіл-шыны аралас сөз тастады.

Сол сол-ақ екен, Төкең түннің қақ ортасында қонақтардың бәрін үйіріп, өз үйіне алып барды. Жеңгеміз болса, алыстан төркіні келгендей қуанып, құдды бір әлгілерді сарғайып күтіп отырғандай-ақ, құрақ ұша, зыр жүгіре қарсы алып, жалма-жан көлдей дастарханын көзді ашып-жұмғанша жайды да тастады. Сөйтіп, таң құланиектенгенше қонақтар да, біз де мәре-сәре болғанымыз әлі есте... Кейін кездескенде, әлгі қонақтарымыздың ресми қабылдаудан гөрі сол бір «шәйді» жылы лебізбен үнемі еске алып жүретінін байқағанымыз бар-ды.

...Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні демекші, биылғы 2011 жыл біздің еліміз үшін де, сол елдің бір пұшпағы-біздің өлкеміз үшін де ерекше маңызды жыл болмақ. Қазақ елінің Тәуелсіздігіне 20 жыл, Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы. Соның қатарында алдағы күрең күзде 70 атты жасаулы асуды бағындыратын елге елеулі, халқына қалаулы азамат Тергеу Айдарханұлының жеке басы мен тілекшілері үшін де есте қаларлық жыл болмақ. Осынау желекті жетпісіне жайсаң ағамыз беделі ортаймай, белбеуі босамай, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған жақсы қалпында, жұлдыздай жарқырап, құндыздай құлпырған тәп-тәтті немерелерін мейірлене иіскеп қойып, жапырағы жайылған жағдайда жетіп отыр.

Аллатағаланың бұл сыйлы азаматқа берер шапағаты әлі де таусылмағай, – дейміз. Жаратқан-Хақтың бұйыртқан ғұмырын мәнді де сәнді етіп, маңдайыңыз жарқырап, ортамызда ұзақ-ұзақ жүріңіз, қадірлі Тергеу Айдарханұлы!

*«Маңғыстау» газеті,
19 мамыр 2011 жыл*